

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,  
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі Аэроғарыш комитетінің  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 жылғы №\_\_\_  
бұйрығымен  
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) туралы бұл ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Серіктестіктің Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Ревизиялық комиссиясының (ревизоры) құру тәртібі мен құрамын, оның құзыретін, құқықтарын, өкілеттіктері мен міндеттерін, сондай-ақ Ревизиялық комиссиясының жауапкершілігін және оның жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

3. Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) Жалғыз қатысушының шешімі негізінде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық және өзге де қызметін бақылауды жүзеге асырады.

4. Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

**2. Ревизиялық комиссиясын құру тәртібі мен құрамы**

5. Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясы немесе ревизоры Серіктестік Жарғысында көрсетілген, бес жылдан аспайтын мерзімге Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен сайланады және тағайындалады.

6. Ревизиялық комиссиясы, егер Серіктестік Жарғысында оның мүшелерінің неғұрлым көп саны көзделмесе, бес адамнан аспайтын құрамда құрылады. Ревизиялық комиссиясының функцияларын орындау ревизор ретінде Серіктестік қатысушыларының өкіліне жүктелуі мүмкін.

DOC ID KZ92Y3L202400002078ED2831C



7. Ревизиялық комиссиясының мүшелері (ревизор) бір мезгілде Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

8. Ревизиялық комиссиясына (ревизорға) қойылатын біліктілік талаптары:

1) кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және қосымша арнайы даярлық, аудиторлық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

2) кәсіби бухгалтер сертификаттарының, САР сертификатының, аудитор сертификатының, АССА Dіріfг сертификатының болуы;

3) тиісті бағыт бойынша жалпы жұмыс өтілі (бухгалтер және/немесе аудитор) 10 жылдан асу;

4) ҚР Бюджет кодексін, ҚР Салық кодексін білу.

9. Ревизиялық комиссиясына (ревизорға) тағайындалған, сондай-ақ Серіктестіктің қызметкерлері болып табылатын тұлғалар Серіктестіктің Жалғыз қатысушымен жұмыстан босату туралы мәселені келіскеннен кейін ғана Серіктестік басшылығының бастамасы бойынша жұмыстан босатылуы мүмкін.

10. Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға Серіктестік директорының Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына жолдауы негіз болып табылады. Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының (ревизорының) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады.

### **3. Ревизиялық комиссиясының құзыреті**

11. Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) құзыретіне:

1) Серіктестіктің қаржылық құжаттамасын, мүлікті түгендеу жөніндегі комиссияның қорытындыларын тексеру, көрсетілген деректер мен құжаттарды бастапқы бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру;

2) Серіктестік атынан жасалған шарттардың, Серіктестік жасайтын мәмілелердің, контрагенттермен есеп айырысулардың заңдылығын тексеру;

3) бухгалтерлік және статистикалық есепке алуды жүргізудің қолданыстағы нормативтік құжаттарға, ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкестігін талдау;

4) Серіктестіктің өндірістік қызметін тексеру;

5) Серіктестіктің қаржылық жағдайын, оның төлем қабілеттілігін, активтердің өтімділігін, меншікті және қарыз қаражатының арақатынасын талдау, Серіктестіктің экономикалық жағдайын жақсарту резервтерін анықтау және басқару органдары үшін ұсынымдар әзірлеу;

6) дивидендтерді есептеу мен төлеудің уақтылығы мен дұрыстығын тексеру;



7) салық органдарына, зейнетақы қорына және басқа да бюджеттен тыс қорларға, статистикалық органдарға және мемлекеттік басқару органдарына Серіктестік баланстарының, есептік құжаттаманың дұрыс жасалуын тексеру;

8) Серіктестіктің бұйрықтарының, ережелерінің, қағидаларының, нұсқаулықтарының және басқа да ішкі актілерінің, олардың Серіктестік Жарғысына және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкестігін тексеру;

9) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімдерін талдау, бұрын қабылданған шешімдердің қолданыстағы заңнамамен, басқа да нормативтік актілермен сәйкес келмеуі кезінде, оларды өзгерту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

10) Серіктестіктің қаржылық есептілігін оларды Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексеру. Жалғыз қатысушы Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) не аудиторлық есептің қорытындысынсыз қаржылық есептілікті бекітуге құқылы емес.

#### **4. Ревизиялық комиссиясының құқықтары мен өкілеттіктері**

12. Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындау үшін Ревизиялық комиссиясы (ревизор) құқылы:

1) Серіктестіктің барлық құжаттамасына шартсыз қол жеткізу;

2) кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге;

3) Серіктестіктің басқару органдарынан және оның бөлімшелерінен оның алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттар мен материалдарды алуға;

4) Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) талабы бойынша оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Серіктестік қызметкерлерінен жеке түсініктемелерді талап етуге және алуға, Серіктестіктің атқарушы органының мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсініктемелер беруге міндетті;

5) Серіктестіктің өндірістік-шаруашылық, қаржылық, құқықтық қызметінде анықталған бұзушылықтар, сондай-ақ Серіктестіктің мүдделеріне төнген қауіп туындаған жағдайларда олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша Серіктестіктің басқару органдары тарапынан шешімдер қабылдауды талап еткен жағдайларда, Серіктестіктің өкілетті тұлғаларынан Жалғыз қатысушының уәкілетті тұлғаларының, Бақылау кеңесінің мүшелерінің отырысын шақыруды талап етуге;

6) Серіктестіктің өндірістік-шаруашылық, қаржылық, құқықтық қызметінде елеулі бұзушылықтар анықталған жағдайларда, сондай-ақ Серіктестіктің мүдделеріне қатер төнген жағдайда Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жиналыс шақыруға;



7) Серіктестік директорының алдына өндірістік-шаруашылық және қаржылық тәртіпті, қолданыстағы заңнаманы, Серіктестікте белгіленген ережелерді, нұсқаулықтар мен ережелерді бұзған жағдайда Серіктестік қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселе қоюға міндетті.

## **5. Ревизиялық комиссиясының және оның мүшелерінің міндеттері**

13. Ревизиялық комиссиясы (ревизор) міндетті:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының уәкілетті өкілдерінің назарына жазбаша есептер, баяндамалық жазбалар, жиналыстарда немесе отырыстарда ауызша хабарламалар түрінде жүзеге асырылған тексерулер мен ревизиялар нәтижелерін уақтылы жеткізуге;

2) Ревизиялық комиссиясы мен оның мүшелеріне өз функцияларын орындау кезінде белгілі болған коммерциялық және\немесе қызметтік құпия болып табылатын немесе құпия сипаттағы мәліметтер мен деректерді жария етпеуге;

3) Серіктестіктің жалғыз қатысушысының шешімі бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізуге;

4) Серіктестіктің жылдық жиналысына дейін он күннен кешіктірмей Жалғыз қатысушының уәкілетті өкілдеріне Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін жылдық тексеру қорытындылары бойынша қорытынды ұсынуға, онда: Серіктестіктің есептерінде және өзге де қаржы құжаттарында қамтылған деректердің дұрыстығын растау; Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінде белгіленген бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін бұзу фактілері және Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруы кезінде қаржылық есептілікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды ұсыну туралы ақпарат қамтылуға тиіс;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптардың сақталуын тексеру үшін ақпаратты және құжаттарды, жалғыз қатысушының уәкілетті тұлғаларына не өзге тұлғаларға (Бақылау кеңесі, мемлекеттік органдар) жолдағанға дейін бұл туралы кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын комплаенс қызметіне (комплаенс-бақылаушыға) хабарлауға міндетті. Бұл ретте Ревизиялық комиссиясының мүшелері барлық қажетті құжаттарды комплаенс қызметіне (комплаенс-бақылаушыға) ұсынады.

14. Ревизиялар және тексеру жүргізу кезінде, Ревизиялық комиссиясының мүшелері (ревизор) ревизия (тексеру) нысанасына қатысты барлық құжаттар мен материалдарды, олардың қолданыстағы заңнама талаптарына, Серіктестікте белгіленген ережелер мен талаптарға сәйкестігін тиісті түрде зерделеуге және тексеруге міндетті.



## **6. Ревизиялық комиссиясының жауапкершілігі**

15. Ревизиялық комиссиясы (ревизор) жүргізілген ревизиялар мен тексерулер нәтижелері бойынша қорытындылардың дұрыстығына жауапты болады.

16. Егер Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) қорытындыларының немесе ұсынымдарының дұрыстығы немесе құзыреттілігі күмән тудырса, Жалғыз қатысушы тәуелсіз (аудиторлық) тексеруді тағайындауға құқылы. Тексеру нәтижелері бойынша Жалғыз қатысушы Ревизиялық комиссиясын (Ревизорды) мерзімінен бұрын қайта сайлау туралы мәселені шеше алады.

17. Ревизиялық комиссиясы (ревизор) ұсынған қорытындылардағы дәйексіз деректер үшін жауапкершілік шарасын Жалғыз қатысушының уәкілетті өкілдері айқындайды.

## **7. Ревизиялық комиссиясының жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

18. Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) жұмыс тәртібі Серіктестіктің Жарғысында, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда айқындалады.

19. Ревизиялық комиссиясының (ревизордың) жұмысын Комиссия төрағасы (ревизор) ұйымдастырады.

20. Комиссия төрағасы (ревизор) өз құзыретіне кіретін құжаттарға қол қояды.

21. Ревизиялық комиссиясының (Ревизордың) жұмысы және оның қызметін қаржыландыру және қамтамасыз ету үшін сыйақы мәселелері Жалғыз қатысушының шешімімен көзделеді.

## **8. Қорытынды ережелер**

22. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Жалғыз қатысушының айрықша құзыретінде болады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

23. Осы Ереже Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.





# Квитанция о подписании

## Основная информация

DOC ID	KZ92Y3L202400002078ED2831C
Тип документа	Входящее письмо
Тема	"Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС Ревизиялық комиссиясы (ревизоры) ережесін бекіту туралы
Статус	На исполнении
Рег. Номер:	194-э
Рег. Дата:	07.03.2024
Дополнительные данные	Исх. дата: 07.03.2024 Исх. номер: 133/НҚ
Количество страниц	14
Подписи	2

## Информация об отправителе

Отправитель	Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан
-------------	--

## Информация о получателях

Получатель 1	ТОО "ИНСТИТУТ КОСМИЧЕСКОЙ ТЕХНИКИ И ТЕХНОЛОГИЙ", 091240015083, Казахстан info@istt.kz
--------------	--

## Информация о подписантах

Подписал(а)	КАЗКЕНОВ АЛАН (КАЗКЕНОВ АЛАН)
Компания	Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIITZAYJ...H8kS5K6Xz
Дата подписания	07.03.2024 10:03
Подписал(а)	БИЕКИНА САУЛЕ (БИЕКИНА САУЛЕ)
Компания	Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIITPwYJ...7GM8DM8gU=
Дата подписания	07.03.2024 10:13

DOC ID KZ92Y3L202400002078ED2831C

